

«Кел санайық санамақ»

Санамақтың тәрбиелік мәні. Санамақтарды халық, негізінен жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді.

Атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді, оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі: Санамақ айтылғанда әр санның атына бір ұқсас сөз қосылып айтылады.

Мысалы:

Санамақ

Бір дегенім – бесік,
Шықтық содан өсіп,
Екі деген – Елім,
Далам, тауым, көгім.
Үш дегенім – Үміт,
Үміт аптар жігіт.
Төрт дегенім – төзім,
Төзе білем өзім.
Бес дегенім – Бақыт,
Бағалайтын уақыт.
Алты деген – Ақыл,
Тыңдағаның мақұл.
Жеті деген – жалау,
Жүректегі алау.
Сегіз деген – сөзің,
Серт беретін кезің.
Тоғыз деген – тоқтау,
Елдің жоғын жоқтау.
Он дегенім – Отан,
Қорға оны, ботам!

Санамақ ойыны осылайша сұрақ қойып, түрлі сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды үйретеді. Қай халықтың болмасын балалар ойындарын бастауда санамақтар басты рөл атқарады. Өзінің ерекше кең таралуымен де, балалар көңіл күйіне әсерлігімен де, сандық көлемі жағынан да бұл жанр ойындық балалар фольклорында ерекше маңызды орын алады.

Санамақты балалар тілі еркін шыға бастағаннан (3-5), ойыннан қол үзіп ересек тарта бастағанға дейінгі (13-15) жас кездерінде жарыса жаттап, қызыға айтып жүреді. Балалар арасында санамақты көп білумен және оны мәнеріне келтіріп айта білетіндігімен «беделге» ие болғандары болады. Жас өспірімдер арасында осыншалық құрметке ие болған бұл жанрдың тәлімдік мәні де өте зор. Ең алдымен ұйқасты өлеңдер баланың поэзияға құмарлығын арттырып, әдемі сөйлеуге дағдыландырса, санамақты көп жаттауға деген құлшыныс олардың жаттау қабілеттерін, танымдық ой өрісін дамытады, ал санамақты ырғағымен айта білу мәнерлі сөйлеуге үйретсе, санамақ тәртібін бұзбай айту баланы сергектікке, байқампаздыққа, турашылдыққа баулиды.

Санамақтар бірнеше түрге бөлінеді.

1. Саусақ санамақ.
2. Сан санамақ
3. Ұлттық санамақ
4. Күн санамақ
5. Тағы да басқа

тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақтар.

1.Саусақ моторикасын дамыту жаттығуы

«Кірпі» музыка ырғағымен



Міндеті:Саусақ жаттығуы арқылы балалардың ұсақ қол моторикасы,

есте сақтау және назар аудару қабілеттері дамиды.

Кірпі шешен орманды аралайды, кезеді.

Қара түмсық мұрыны иісті жақсы сезеді,

Инесіне тікенек, жемістерді тереді.

Жинап алып азығын, әне кірпі келеді.

2. Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ (қолғаппен)

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел санайық екеуміз.

Бас бармағым — атам,

Балан үйрек — апам,

Ортан терек — әкем,

Шылдыр шүмек — анам,

Кішкентай бөбек — мен.Біз үйде нешеуміз?

Біз үйде — бесеуміз.



3.«Санап көр» ойыны (ата-аналарға)

1.Онжан тапқан,Он жаңғақтан.

Екіден-ақ,Еппен санап,

Балжан алды,Әлжан алды,

Қалжан алды,Қанша қалды? (Төртеу)

2.Ала шапан киініп,Қарбыз жатыр үйіліп.

Қарбыздарды шетінен,Санап шықтым екіден.

Бесеу болды жұп саны,Нешеу болды түп саны?(Он)

3.Алдында үш балапан,

Артында үш балапан.

Ақ тауық пен балапан

Айтшы санын, балақан.(Сегіз)

4.Буыршын мен атан бар,

Тайлағым мен ботам бар.

Үш інгенге иемін:

Санын айтшы түйенің?(Жеті)



5.Апасына Қанаттын
Екі-екіден тараттым.
Қанша жаңғақ қалғанын,
Айта қойшы, ал, жаным.(Үшеу)

6.Көлден ұшты жеті қаз,
Қайтып қонды екі қаз.
Қонбады оның нешеуі,
Қане, кім тез шешеді?(Бес)

«Қуырмаш» санамақ (музыка ырғағымен)

Қуырмаш,қуырмаш, балапанға бидай шаш.
Басбармақ,басбармақ, бірінші саусақ.
Қуырмаш,қуырмаш, балапанға бидай шаш.
Балаң үйрек,балаң үйрек,екінші саусақ.
Қуырмаш,қуырмаш, балапанға бидай шаш.
Ортан терек,ортан терек,үшінші саусақ.
Қуырмаш,қуырмаш, балапанға бидай шаш.
Шылдыр шүмек,шылдыр шүмек, төртінші саусақ.
Қуырмаш,қуырмаш, балапанға бидай шаш.
Бесінші кіші саусақ,кішкентай бөбек.

Мнеомо кестемен жұмыс (санамақтар)



«Бала,бала, балақан» Музыка ырғағымен орындайды.



«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

"Кел санайық, санамақ"

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы
(Өжелер мектебі)
Кіші «Балдырған» тобы

Тәрбиешілері: Косанова Г.С.

Таужанова А.Т.

Мамыр, 2024ж.